

«Менің мектебiм» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау II тоқсан  
ДҮНИЕТАНУ №1

**Бөлімше**  
**Оқу мақсаты**

1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы  
2.1.2.1 Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру  
2.1.2.3 Мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру

**Бағалау критерийі**

*Білім алушы*

- Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды
- Оқу әрекеттерінің қызметін атайды
- Мектеп қауымдастығындағы мінез-құлық нормаларын анықтайды

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

Білу және түсіну

**Орындау уақыты**

Қолдану


**Тапсырма**

15 минут

1. Балалар спорттық секцияларға не үшін қатысады ? 2 себебін жаз.

- 1) \_\_\_\_\_  
2) \_\_\_\_\_

2. Мысалдарды оқы. Сабақта балалар тағы немен айналысады? Жаз.



3. Топта жұмыс істеу ережелерін белгіле (✓).

- 1) Әр адамның пікірін тыңдау.
- 2) Бір-бірінің сөзін бөлу.
- 3) Бірлесе жұмыс істеу.
- 4) Басқаның пікірін құрметтеу.
- 5) Жұмысқа қатыспау.
- 6) Ортақ шешім қабылдау.

## Балл қою кестесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды	1	оқудан тыс әрекет түрлеріне қатысу себептерін сипаттайды: - біріншісін; - екіншісін;	1 1
Оқу әрекеттерінің қызметін атайды	2	мектептегі оқу әрекеттеріне мысалдар келтіреді: - бірінші мысал; -екінші мысал;	1 1
Мектеп қауымдастығындағы мінез-құлық нормаларын анықтайды	3	топта жұмыс істеу ережелерін анықтайды: - бір ережені; - екінші ережені; - үшінші ережені; - төртінші ережені.	1 1 1 1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>

# Дүниетану

## 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

### 1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 2-сыныпта «Дүниетану» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

### 2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

### 3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**3.1 Ұзақтығы** - 40 минут

**Балл саны** - 15

#### 3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларға білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда максималды балл жинау үшін білім алушыдан тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 5 тапсырмадан тұрады.

**«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды	1	Мектептегі оқудан тыс әрекеттерге қатысу себептерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мектептегі оқудан тыс әрекеттерге қатысу себептерін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Мектептегі оқудан тыс әрекеттерге қатысу себептерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Оқу әрекеттерінің қызметін атайды	2	Мектептегі оқу әрекеттерінің түрлерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мектептегі оқу әрекеттерінің түрлерін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мектептегі оқу әрекеттерінің түрлерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Мектеп қауымдастығындағы мінез-құлық нормаларын анықтайды	3	Топта жұмыс істеу ережелерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Топта жұмыс істеу ережелерін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Топта жұмыс істеу ережелерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>